

## **Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша ақпарат**

2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері (бұдан әрі – ЖМЗЖ ЗА) 57,18 млрд.теңгені құрады.

ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфельіндегі борыштық қаржы құралдарын (ҮТМ) өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 12,25% құрады.

ЖМЗЖ ЗА қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Қаржы құралдары бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфельінің құрылымы

Атауы	01.01.2024 жылға ағымдағы құны	01.01.2024 жылға үлесі	01.05.2024 жылға ағымдағы құны	01.05.2024 жылға үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі
ҚР ҚМ МБҚ	-	-	56,10	98,11%	100%
Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат	-	-	0,69	1,20%	100%
ҚРҰБ депозиттері	-	-	0,39	0,69%	100%
<b>ҚРҰБ басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА жиынтығы</b>	-	-	<b>57,18</b>	<b>100,00%</b>	
<i>Зейнетақы жарналары шотындағы ақша</i>			0,71		
<b>ЖМЗЖ ЗА жиынтығы</b>	-	-	<b>57,89</b>		

*млрд.теңге*

ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфельіне ұлттық валютаға номинирленген қаржы құралдары ғана кіреді.

### **Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары**

ЖМЗЖ ЗА портфельінде негізгі үлесті ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ құрайды, олардың есептік айдағы ағымдағы құны 28,76 млрд.теңгеге ұлғайды және 56,10 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 98,11% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде орташа алынған кірістілігі жылдық 12,15% құрайтын 28,77 млрд.теңге (номинал құны бойынша 33,00 млрд.теңге) сомасына ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатып алынды.

Есептік күнге ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 12,24% құрады.

### **ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттер**

Есептік күнге ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттердің ағымдағы құны 0,39 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,69%.

Есептік айда ағымдағы өтімділікті басқару аясында зейнетақы активтері бойынша табыстылықты ұстап тұру мақсатында ҚР Ұлттық Банкінің депозиттеріне инвестиция салынды. Мәмілелердің орташа көлемі жылдық 13,75% орташа алынған кірістілікпен 2,74 млрд. теңгені құрады.

### **Инвестициялық қызметтің нәтижелері**

Басқарудың басынан бастап ЖМЗЖ ЗА бойынша есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 366,79 млн.теңгені құрады.

2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша басқарудың басынан бергі кезең үшін ЖМЗЖ ЗА кірістілігі 1,76% құрады.

## **Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат**

ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА құрылымдық үлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының<sup>1</sup> талаптарына сәйкес келеді. 2024 жылғы 01 мамырдағы жағдай бойынша ЖМЗЖ ЗА бойынша инвестициялау лимиттерін сақтау туралы мәліметтер 2-кестеде көрсетілген

### **2-кесте. ЖМЗЖ ЗА бойынша инвестициялау лимиттері**

<b>№</b>	<b>Қаржы құралының түрі</b>	<b>Нақты мәні (ЗА жалпы көлемінен пайыздарбен)</b>	<b>Орындал уы (иә/жоқ)</b>
1	<b>Қазақстандық қаржы құралдары:</b>	0,00%	иә
1.1	Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	98,11%	иә
1.2	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттері	0,69%	иә
1.3	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары	0,00%	иә
2	Шетелдік қаржы құралдары, оның ішінде шетелдік қаржы нарықтарында айналымда жүрген құралдар:	0,00%	иә
2.1	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары	0,00%	иә
2.2	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік борыштық бағалы қағаздар	0,00%	иә

### **ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарды сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат**

#### **5-кесте. Есептік айда қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәліметтер**

<b>Құрал түрі</b>	<b>Валюта</b>	<b>Бағалы қағаз эмитенті</b>	<b>Номинал құны теңгемен</b>
ҚР МБҚ	KZT	ҚР Үкіметі	28 774 714 556
<b>Жиыны</b>			<b>28 774 714 556</b>

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2023 жылғы 23 қазандағы № 82 қаулысымен бекітілген БЖЗҚ Инвестициялық декларациясы